

Балқаштық майдангерлер: Ж.Ақбергенов

1940 жылы Жағыпар Ақбергенов қараша айында азаматтық борышын өтеу үшін әскерге алынып, Москва түбегіндегі 14-ші танк дивизиясының құрамында әскери міндетін өтеп жатқанына бір жылдай болған. Әскери өмірге бойы үйреніп, ысылып қалған кезде неміс басқыншылары ел іргесіне баса-көктей кіріп, опасыздықпен бейбіт елге соғыс ашты. Содан кейінгі өмір өліммен бетпе-бет келіп арпалысқа оранды да жүре берді. Жағыпардың майданға кірген алғашқы күні 1941 жылдың 27 маусымы еді. Белоруссияның Витебск қаласының түбінде жауға қарсы бірінші рет қорғаныста тұрды. Ол кез неміс әскерінің алғашқы қарқыны бет қаратпастай еді. Қарт майдангер сол бір сұрапыл жылдарда бастан өткерген оқиғалары там-тұмдап еске түсіріп отыр. Сол жылдың қараша мен желтоқсан айларында біздің әскер 8-ші мотоциклшілер полкы болып жасақталып, қайтадан майданға кірді. Иванов облысының Орлов қаласының түбінде үлкен жолдың қиылысы екен. Сонда келіп тоқтадық. Төңірегін қалың тоғай көмкерген орманды алқап. Түнгі сағат бір мен екінің шамасында барлаушылардан хабар түсті “неміс танкілері жақындап келеді” деген. Демін ішке тартқан жауынгерлер түн қараңғысына үніліп тына қалған. Манай құлаққа ұрған танадай тыныштық.

Зеңбірек көздеушісі Ж.Ақбергенов те тас түйін болып жау танкісі келеді деген жаққа сүзіле қарап, қатып қалған. Осы кезде полк командирі майор Генералов алда тұрған екі орудиеді кейін шегіндіріп, Ақбергеновтің зеңбірегін қорғаныста қалдырды. Содан таң сыза бере төңіректі жапқан ну ағаштар нобай таныта бастаған кезде, жау танкілерінің жер тырнаған гүрілі естіліп, бірте-бірте дырылдаған дыбыс жақындай берді.



Ж. Ақбергенов Мәскеуден Венаға, Сталинград, Украина, Румыния, Болгар арқылы, Югославия, Венгрия және Австрияға дейін жауынгерлік жолдан өтті.



Балқаштық майдангерлер: Ж. Ақбергенов

жалғасы

Зеңбірек құлағына жармасқан жауынгер Ақбергеновтың көзі бұлдырап кеткендей болды. Таңғы бозамық нұрдың ішінен танкінің шынжыр табанына ұқсас бірдеңе бұлдырағандай. Соны нысанаға алған ол оқ жаудырды. Келесі мезетте жау танкісінің ұлы денесі осы шығар деп тағы бір мезет оқ боратқан. Іле-шала 5-10 минут өткенде барлаушылар “немістер шегінді, шегінді” деген белгі берді. Сәлден соң бұлар да шегінген неміс әскерін өкшелей ілгері жүрген. Қанша жүргенін қайдам, бір уақытта әлгі өзі атқан танкінің үстінен түскенде ғана аңғарды. Бір қанатының шынжыр табаны сөгіліп кеткен жау танкісі бықсып жанып жатыр екен. Сөйтсе, немістер десант түсірген, барлығы 8 танкі. Бастаушысы оққа іліккен соң қалғаны кейін шегінген. Олар ойлаған болу керек, бұл жерде бір үлкен дивизия жатыр екен деп. Сол жолы оның омырауына “Жауынгерлік ерлігі үшін” медалі тағылды. Бұл оның соғыста алған алғашқы марапаты болатын.

1942 жылы 19 қараша күні Ұлы Отан соғысының тарихындағы ерекше күндердің бірі болып қалды. Сол жылы Сталинград түбінде немістің 22 дивизиясын қоршауға алуға қатысқандардың ішінде 8-ші мотоциклшілер полкі де болды. Содан былай 19 қараша – Артиллерия күні болып тарихқа енді.

- Бұдан әрі Совет Армиясы жауды тықсыра отырып, Румынияны, Болгарияны, Югославияны жау қолынан азат етті. 1945 жылдың мамыр айының 9-ы күні Австрияның Вена қаласына 40 шақырым қалғанда соғыс аяқталды. Совет солдаттары қанқұйлы фашизмді тізе бүктірді. Қарт майдангер үшін сол бір сұрапыл жылдарды еске алудың өзі оңай болмаса керек. Соғыс қаншама боздақтардың қыршын ғұмырын қиды. Жанары ұшқындап, ой құшағына енген ол үнсіз отыр. Жағыппар Ақбергенов соғыс аяқталғаннан кейін Москвада өткен Жеңіс парадына өз полкінен барған бес адамның бірі болып қатысқан еді. Түсінген жанға мұның өзі үлкен құрмет. Жеңіс қасірет – қайғының өтеуіне келген қасиетті күн.



Балқаштық майдангерлер

жалғасы

Жеңіс шеруінен соң ол Румынияда әскери қызметте болып, 1946 жылы аман-есен туған елге оралды. Соғыстан кейін бейбіт еңбекке араласып, өзінің қажыр-қайратын туған елін көркейтуге арнаған ол 1980 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Балқаш балық комбинатында экономист, жоспарлау бөлімінің бастығы болып қызмет істеді. Соңғы 20 жыл бойы осы балық өнеркәсібінде экономист болып еңбек етті. Мәнді де нұрлы кешіп келе жатқан өмірінде Ж.Ақбергенов атақ-абыройдан да кенде емес. Бір ауданның құрметті азаматы. Ең бастысы халқының қадірлі Жақаны. Биік парасатты абзал азамат Жағыпар зайыбы марқұм Кәукіш апай екеуі 5 бала тәрбиелеп өсірді. Балалары Бикен, Нұрмұхамбет, Жанахмет, Бақыткүл, Рашит- бәрі де жоғарғы оқу орындарын бітірген саналы азаматтар. Қарт майдангердің кеудесіндегі I,II дәрежелі Отан соғысы ордендері мен медальдар ерлік күндердің шежіресі секілді.



Ж. Ақбергенов-1941 жылғы Смоленск, Ржев ең ауыр ұрыстарына және Мәскеудің қорғауға, 1942 жылдың қарашасында Сталинград шайқасына қатысты.

